


2007 15 наурыз
 1840.1900-АҚ(ШҚ)
 93 1 шілде

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН
 ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ
 ҚАДАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІГІМЕН КЕЛІСІЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН
 ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ
 ҚАДАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІК ТӨРАФАСЫНЫҢ
 ОРЫНБАСАРЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
 ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
 ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
 ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
 20 07 ж. «24» желтоқсанда
 БҰРЫН 1993 ж. «1 шілде» ТІРКЕЛДІ
 № 1840 - 1900-АҚ(ШҚ)



«РЕСЕЙ ЖИНАҚ БАНКІ»
 АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЕНШІЛЕС БАНКІСІНІҢ ЖАРҒЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
 ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
 ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
 ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
 20 07 ж. «24» желтоқсанда
 БҰРЫН 1993 ж. «1 шілде» ТІРКЕЛДІ
 БСН 930740000137

2007 ж. 24.12.

Акционерлердің Жалпы Жиналысымен бекітілді
 «ТЕХАКАВАНК» АҚ 13 қаңтар 2007 ж.

СМОТРИ
 НА ОБОРОТЕ

1. Жалпы ережелер.

1.1. «Ресей Жинақ банкі» Акционерлік Қоғамының Еншілес Банкісі (әрі қарай «Банк») жеке меншікке негізделген екінші деңгейдегі банк болып табылады.

1.2. Банктің атауы:

Қазақ тілінде: Толық:
«Ресей Жинақ банкі» Акционерлік Қоғамының Еншілес Банкісі,

Қысқаша: «Жинақ банкі» АҚ ЕБ

Ағылшын тілінде: Толық:

Subsidiary Bank Sberbank of Russia Joint Stock Company,

Қысқаша: SB Sberbank JSC

Орыс тілінде: Толық:

Дочерний Банк Акционерное Общество «Сбербанк России»,

Қысқаша: ДБ АО «Сбербанк»

1.3. Банк 19 наурыз 1993 ж. Банкті құру туралы Келісім негізінде құрылған және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісімен тіркелген (Банкті ашуға рұқсат N 199, 01 шілде 1993ж.). Банктің атауын "ТЕХАКАВАНК" АҚ-нан «Жинақ банк» АҚ ЕБ-не өзгерту 13 қаңтар 2007 жылғы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізілді.

1.4. Банк заңды тұлға мәртебесіне ие және өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сонымен қатар осы Жарғыға сәйкес атқарады.

1.5. Банк қызметінің мақсаты Банк акционерлерінің мүдделерінде табыс табу, сонымен қатар қазақстандық қаржы нарығына халықаралық кластағы банк қызметтерін ұсыну болып табылады.

1.6. Банк өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банк өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауапкершілік көтереді. Акционер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды коспағанда, Банк қызметімен байланысты шығындар тәуекелін өзіне тиесілі акция құнының шегінде көтереді.

1.7. Банктің және оның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050010, Гоголь/Қалдаяков к-сі, 30/26.

1.8. Банктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2. Банк қызметінің түрлері.

2.1. Қазақстан Республикасы өкілетті органының лицензиясы болуында Банк келесі банк операцияларының түрлерін жүзеге асыруға құқылы:

- 1) депозиттерді қабылдау, заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
- 2) депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
- 3) банктің және банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденциялық шоттарын ашу және жүргізу;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашы және жүргізу, оларға аталмыш тұлғаға тиесілі тазартылған бағалы металдардың физикалық саны көрінеді;
- 5) кассалық операциялар: Жарғының осы тармағының 1), 2), 6)-9), 12) және 13) тармақшаларымен қарастырылған банк операцияларының бірін жүзеге асыру

- кезінде ұсату, айырбастау, қайта есептеу, сұрыптау, қаптау және сақтауды қосқанда қолма-қол ақшаларды қабылдау және беру;
- 6) аударым операциялары: заңды және жеке тұлғаларға ақшаларды аудару және төлем бойынша тапсырмаларды орындау;
 - 7) есепке алу операциялары: вексельдер және заңды және жеке тұлғалардың борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
 - 8) банктік заем операциялары: төлем, мерзімділігі және қайтару шарттарында ақшалай нысанда несиелер беру;
 - 9) шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
 - 10) банкаралық клиринг: төлемдерді жинау, салыстыру, сұрыптау және растау, сонымен қатар олардың өзара есепке алуын жүргізу және клиринг қатысушыларының – банктердің және банк операцияларының кейбір түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың таза позицияларын анықтау;
 - 11) төлем карточкаларын шығару;
 - 12) банкнот, монеталар және құндылықтарды инкассация;
 - 13) төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельдерді қоспағанда);
 - 14) аккредитивті ашу (қою) және растау және ол бойынша міндеттемелерді атқару;
 - 15) ақшалай нысанда орындалуды қарастыратын банк кепілдерін беру;
 - 16) ақшалай нысанда атқаруды қарастыратын үшінші тұлғалар үшін банк кепілгерліктерін және басқалай міндеттемелерді беру.
- 2.2. Қазақстан Республикасы өкілетті органының лицензиясы болғанда Банк, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының банк заңнамасымен қарастырылған банк операцияларының басқалай түрлерін жүзеге асыруға құқылы.
- 2.3. Қазақстан Республикасының өкілетті органының лицензиясы болуында Банк келесі операцияларды жүзеге асыруға құқылы:
- 1) тазартылған бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобындағы металдар) құймаларда, бағалы металдардан монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
 - 2) вексельдермен операциялар: инкассоға вексельдерді қабылдау, төлеушілерге вексельді төлеу бойынша қызметтерді ұсыну, сонымен қатар делдалдық тәртібінде вексельдер акцептісін, домицилденген вексельдерді төлеу;
 - 3) лизингтік қызметті жүзеге асыру;
 - 4) меншікті бағалы қағаздарды шығару (акцияларды қоспағанда);
 - 5) факторингтік операциялар: төлем жасамау тәуекелін қабылдаумен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлеуді талап ету құқықтарын иелікке алу;
 - 6) форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): сатушыға айналымсыз вексельді сатып алу жолымен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемелерін төлеу;
 - 7) сенімгерлік операциялар: ақшаларды, ипотекалық заемдар бойынша талаптар құқықтарын және тазартылған бағалы металдарды сенім білдірушінің мүдделерінде және тапсыруы бойынша басқару;
 - 8) сейфтік операциялар: сейф жәшіктерін, шкафтарды және орындарды жалға беруді қосқанда құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, құжаттарды және клиенттердің құндылықтарын сақтау бойынша қызметтер.
- 2.4. Банк бағалы қағаздар нарығында келесі кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:
- 1) брокерлік – Қазақстан Республикасы және рейтинг агенттіктерінің бірінің минималды талап етілегін рейтингісіне ие немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің шешімі бойынша ондайға ие емес елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, белгіленген тәртіпте екінші деңгейдегі банктермен иелікке алуға рұқсат етілген облигациялар және (немесе) шетелдік валюта базалық актив болып табылатын туынды бағалы қағаздармен;

- 2) дилерлік - Қазақстан Республикасының және рейтинг агенттіктерінің бірінің минималды талап етілетін рейтингісіне ие немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің шешімі бойынша ондайға ие емес елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, сонымен қатар белгіленген тәртіпте екінші деңгейдегі банктермен иелікке алуға рұқсат етілген облигациялар және (немесе) шетелдік валюта базалық актив болып табылатын туынды бағалы қағаздармен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда басқалай бағалы қағаздармен;
 - 3) кастодиандық.
- 2.5. Банк, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған басқалай қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.
 - 2.6. «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-ІІ 3.05.2003 ж. Қазақстан Республикасы Заңының нормасына сәйкес Банк банк тәуекелдерін көтеретін, соның ішінде егер Банктің бір клиентіне немесе байланысты клиенттердің тобына банк тәуекелінің мөлшері Банк активтері құнының жалпы мөлшерінен он немесе одан көп пайыз құрайтын болса, несиелік сипаттағы шартты міндеттемелер бойынша ірі мәмілелерді таниды.

3. Банк акционерлерінің құқықтары және міндеттері.

3.1. Банк Акционері құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының және Банк Жарғысының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысу;
- 2) дивидендтер алу;
- 3) Банк қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Банк Жарғысымен анықталған тәртіпте Банктің қаржылық есептілігімен танысу;
- 4) Бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын нақтылы ұстаушыдан немесе тіркеушіден көшірмелер алу;
- 5) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына Банк Директорларының кеңесіне сайлау үшін үміткерлер ұсыну;
- 6) сот тәртібінде Банк органдарымен қабылданған шешімдерді даулау;
- 7) Банкке, оның қызметі туралы жазбаша сұраулармен хабарласу және сұрау салу Банкке түскен күннен отыз күн бойына дәлелді жауаптар алу;
- 8) Банк таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;
- 9) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Банктің акцияларын немесе оның акцияларында айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу.

3.2. Банк Акционері міндетті:

- 1) акциялар төлеу;
- 2) он күн ішінде аталмыш акционерге тиесілі акцияларды нақтылы ұстаушыға және тіркеушіге Банк акцияларын ұстаушылар реестріне енгізу үшін қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы хабарлау;
- 3) қызметтік, коммерциялық немесе басқалай заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты дабыраламау;
- 4) осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының басқалай заңнамалық актілеріне сәйкес басқалай міндеттерді атқару.

4. Банктің Жарғылық капиталы.

- 4.1. Банктің Жарғылық капиталы «Акционерлік қоғамдар туралы» 13.05.2003 ж. №415-ІІ Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағасы бойынша инвесторлармен және нақтылы құны бойынша

құрылтайшылармен (дара құрылтайшымен) акцияларды төлеу арқылы қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында айқындалады.

- 4.2. Банк жарияланған акциялардың барлығын немесе тек бір бөлігін орналастыра алады. Жарияланғандардың Жалпы саны шегінде орналастырылатын акциялар саны, оларды орналастырудың мерзімдері және шарттары егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе осы Жарғымен басқалай қарастырылмаса Банктің Директорлар Кеңесінің шешімімен орналастырылады.
- 4.3. Банктің Жарғылық капиталының ұлғаюы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5. Акциялар және Банктің басқа бағалы қағаздары.

- 5.1. Акциялар, оларды шығарған кезде, тек ақшалай төленеді. Акцияларды төлеу Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.
- 5.2. Банк Акционерлері шығарылатын акцияларды оларда бар акцияларға пропорционалды түрде артықшылықпен сатып алу құқығына ие.
- 5.3. Орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.
- 5.4. Қаражаттарды тарту үшін Банк Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте облигациялар шығара алады. Облигациялардың нақтылы құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында анықталады. Облигациялар бойынша сыйақыларды төлеу және облигацияларды өтеу Банктің құзырлы органымен белгіленген облигацияларды шығару шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Банктің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша халықаралық облигацияларды шығаруды жүзеге асыруға құқылы.
- 5.5. Банктің бағалы қағаздарын шығару Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың реестрлер жүйесінде белгіленеді.
- 5.6. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте айырбасталатын бағалы қағаздарды және туынды бағалы қағаздарды шығара алады.
- 5.7. Акционерлердің акцияларды және Банктің басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқықтарын жүзеге асыру мақсатында Басқарма әрбір акционерге келесі мәліметтерден тұратын жазбаша хабарламаны жібереді:
 - 1) орналастырылатын бағалы қағаздардың саны және түрлері;
 - 2) орналастырылатын бағалы қағаздар санына орналастырылатын (Банкпен сатып алынғандарды шегерумен) акциялар мөлшерінің арақатынасы;
 - 3) бағалы қағаздарды иелікке алу шарттары;
 - 4) бағалы қағаздарды орналастыру бағасы;
 - 5) акционерлер орналастырылатын бағалы қағаздарды иелікке ала алатын орын (орындар);
 - 6) Банк акционерлері орналастырылатын бағалы қағаздарды иелікке ала алатын мерзім.
- 5.8. Жазбаша хабарламаны алу күнінен 30 күн бойы акционер Банкпен орналастырылатын бағалы қағаздарды иелікке алуға өтінім беруге құқылы.

6. Таза табысты бөлу.

- 6.1. Банктің таза табысы Банктің меншігі болып табылады және резервті капиталды құру үшін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін пайдаланылады. Банктің таза табысын пайдалану тәртібі Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен анықталады.
- 6.2. Залалдарды жабу мақсатында Банк Қазақстан Республикасының өкілетті органымен

белгіленген резервті капиталдың минималды мөлшерінен төмен түспейтін мөлшерде резервті капиталды құрады. Банктің резервті капиталы Банктің таза табысынан аудару жолымен қалыптасады. Аударым мөлшері акционерлердің Жалпы жиналысымен белгіленеді.

- 6.3. Банк акционерлерге, оларға тиесілі акциялар бойынша тоқсан сайын, жылына бір рет не жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлей алады. Жылдың қорытындысы бойынша бір акция есебінде дивидендтер мөлшері туралы және төлеу туралы шешімді акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды. Директорлар кеңесі тоқсан сайын төлеу туралы және жылына бір рет төлеу туралы, сонымен қатар егер акционерлердің Жалпы жиналысымен басқалай шешім қабылданбаса, осындай төлеммен байланысты бір акция есебінде дивидендтер мөлшері туралы шешім қабылдай алады.
- 6.4. Дивидендтерді төлеу ақшалай қолма-қол немесе акционердің өтініші бойынша қолма-қол ақшасыз төлеуді жүргізеді. Дивидендтерді төлеу акционердің келісімі бойынша Банктің бағалы қағаздарымен жүргізілуі мүмкін.

7. Банк Органдары.

7.1. Банк Органдары болып табылады:

- жоғарғы орган- Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы –Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган - Басқарма;

7.2. Директорлар кеңесі, Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен өздеріне берілген өкілеттіктері шегінде өз функцияларын орындайды.

8. Акционерлердің жалпы жиналысы.

- 8.1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Банк жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің басқалай Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.
- 8.2. Акционерлердің жыл сайынғы Жалпы жиналысында Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, өткен қаржылық жыл үшін Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері анықталады. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарастыруға құқылы.
- 8.3. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталысымен бес ай ішінде жүргізілуі тиіс. Көрсетілген мерзім Банктің аудитын есептік кезең ішінде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін созылған болып саналады.
- 8.4. Акционерлердің жалпы жиналысында тек акционерлер немесе олардың өкілдері ғана қатыса алады. Басқа тұлғалар акционерлердің Жалпы жиналысына тек акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі негізінде ғана жіберілуі мүмкін.
- 8.5. Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатқызылады:
 - 1) Банк Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) корпоративті басқару кодексін, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Банктің жарияланған акцияларының мөлшерін ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акциялары түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) есептік комиссия өкілеттіктерінің мерзімін және сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

- 6) Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін; сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу шарттарын және мөлшерін анықтау;
 - 7) Банк аудитын жүзеге асырушы аудитор ұйымын анықтау;
 - 8) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - 9) есептік қаржылық жылға Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына есептегенде жылдың қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлар туындаған жағдайда жай және жеңілдікті акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 11) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау жолымен заңды тұлғалар құруға немесе қызметіне Банктің қатысуы туралы шешім қабылдау;
 - 12) Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру жөнінде акционерлерге Банкпен хабарлау нысанын анықтау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылау;
 - 13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк сатып алған жағдайда акциялардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;
 - 14) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 15) Банк қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
 - 16) Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды және Банкпен акционерлер жиналысын өткізу тәртібін бекіту;
 - 17) Басқалай шешімдер, олар бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатады.
- 8.6. Осы Жарғының 8.5. тармағының 1)-4) тармақшаларында келтірілген мәселелер бойынша шешімдер Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан білікті көпшілікпен қабылданады, ал қалған мәселелер бойынша шешімдер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқалай қарастырылмаса, дауыс беруге қатысушы Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.
- 8.7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқалай қарастырылмаса, шешім қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді Банктің басқа органдарына, лауазымды тұлғаларына және жұмыскерлеріне табыстауға жол берілмейді. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жатқызылатын мәселелер бойынша Банктің басқалай органдарының кез келген шешімін болдырмауға құқылы.
- 8.8. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Директорлар кеңесімен шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы келесілердің бастамасымен шақырылады:
- 1) Директорлар кеңесі;
 - 2) ірі акционер.
- Ерікті түрде таратылу процесіндегі Банктің акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы Банктің тарату комиссиясымен шақырылуы, дайындалуы және жүргізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасының заңнамасымен акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын міндетті шақыру жағдайлары қарастырылуы мүмкін.
- 8.9. Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындау және жүргізу жүзеге асырылады:
- 1) атқарушы органмен;
 - 2) Банк тіркеушісімен, онымен жасалған шартқа сәйкес;

- 3) Директорлар кеңесімен;
 - 4) Банкті тарату комиссиясымен.
- 8.10. Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банк көтереді.
- 8.11. Акционерлердің жылдық Жжалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін Банк органдары бұзған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның қуынымы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
- 8.12. Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы, егер Банк органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талаптарын орындамаған жағдайда, Банктің ірі акционерінің қуынымы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
- 8.13. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі Банк акцияларын ұстаушылардың реестрлер жүйесінің деректері негізінде құрылады. Көрсетілген тізімді құру күні акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы шешімді қабылдаған күннен ерте белгілене алмайды.
- 8.14. Акционерлерге Жалпы жиналысты өткізу жөнінде отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – жиналысты өткізу күніне дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлануы тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс және (немесе) акционерге оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы мәлімделуі тиіс. Осы тармақта белгіленген, жоғарыда көрсетілген мерзімдердің санағы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жариялаған күннен, не поштамен жөнелту күнінен жүргізіледі.
- Банк акционерлерінің Жжалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама келесіден тұруы тиіс:
- 1) Банктің толық атауы және атқарушы органының орналасқан жері;
 - 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
 - 3) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және өткізу орны, жиналыс қатысушыларын тіркей бастау уақыты, сонымен қатар егер бірінші жиналыс өткізілмесе, өткізілуі тиіс Банк акционерлерінің қайталама Жалпы жиналысын өткізу уақыты;
 - 4) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін құру күні;
 - 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Банк акционерлерінің танысу тәртібі.
- 8.15. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесімен қалыптасады және талқылауға шығарылатын нақты қалыптасқан мәселелердің толыққанды тізімін қамтуы тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе Директорлар кеңесімен толықтырылуы мүмкін, банк акционерлеріне осындай толықтырулар туралы Жалпы жиналысты өткізу күніне дейін он бес күннен кешіктірмей хабарлануы шартты. Ішкі тәртіпте өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібінің өзгеруі бойынша алған ұсыныстар туралы мәлімдеуге міндетті. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санынан көпшілік дауыспен жүзеге асырылады. Күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар, егер оларды енгізу үшін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушы және жиынтығы Банктің дауыс беруші акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызына ие акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, енгізілуі мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің Жалпы жиналысы

шешім қабылдаған кезде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды. Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

- 8.16. Егер Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталу сәтінде Банктің жиынтығы елу және одан көп пайыздағы дауыс беруші (Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде дауыс беру құқығына ие) акцияларына иелік ететін акционерлер, соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер (немесе осындай акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, Акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдауға құқылы. Өткізілмеген жиналыстың орнына шақырылған Акционердің қайталама жалпы жиналысы, егер оған қатысу үшін тіркеудің аяқталу сәтінде Банктің жиынтығы қырық және одан көп пайыздағы дауыс беруші (Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде дауыс беру құқығына ие) акцияларына иелік ететін акционерлер, соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер (немесе осындай акционерлердің өкілдері) тіркелген болса құқылы.
- 8.17. Жалпы жиналысты ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі өзінің дауыс беруге өкілеттігін растайтын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделген сенімхатты көрсетуі тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі) кворумды анықтау кезінде есептелмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген, хабарландырылған және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы наразылық білдірмеген жағдайды қоспағанда, жарияланған мерзімнен ерте ашыла алмайды. Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын, хатшысын, есеп комиссиясының мүшелерін сайлауды жүргізеді. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудің – ашық немесе құпия (бюллетень бойынша) нысанын таңдауды жүргізеді.
- 8.18. Осы Жарғының 8.17. тармағында аталған тұлғаларды сайлау мәселесі бойынша дауыс беруді қосқанда, акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру келесі жағдайларды қоспағанда «Банктің бір акциясы – бір дауыс» ұстанымы бойынша жүзеге асырылады:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың максималды санын шектеу;
 - 2) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау кезіндегі кумулятивтік дауыс беру;
 - 3) Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құқығына ие әрбір тұлғаға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан беру.
- Дауыс беру қорытындысы бойынша дауыс беру қорытындылары туралы хаттама құрылады, ол Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына енгізіледі не дауыс беру туралы мәліметтер Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына енгізіледі. Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындылары акционерлердің Жалпы жиналысының жапқаннан кейін он күн ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің назарына ұсынылады.
- 8.19. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу жолымен қабылданады. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдер осы Жарғының 8.13. тармағына сәйкес құрылған акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Дауыс беруге арналған бюллетень алушыға акционерлерінің Жалпы жиналысының отырысын өткізу күніне дейін қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

8.20. Дауыс беруге арналған бюллетень келесі деректерді қамтуы тиіс:

- 1) Банктің толық атауы және атқарушы органының орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді түпкілікті беру күні;
- 4) акционерлерінің Жалпы жиналысының отырысын өткізу күні, не акционерлерінің Жалпы жиналысының отырысын өткізбей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;
- 5) акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) егер акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау туралы мәселелерді қамтитын болса, сайлауға ұсынылған үміткерлердің аты-жөні;
- 7) дауыс беру жүретін мәселелер тұжырымдамасы;
- 8) «ия», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен айқындалатын акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру. Дауыс берушінің не дауыс беруші заңды тұлға жетекшісінің немесе оны алмастырушы тұлғаның қолынсыз, сонымен қатар заңды тұлға акционерінің мөрінез бюллетень жарамсыз болып саналады.

8.21. Дауыс беруге акционерлердің Жалпы жиналысы қатысушыларын тіркеу сәтінде, не шешім Жалпы жиналыс отырысын өткізбей қабылданатын дауыстарды санау күніне Банкпен алынған бюллетеньдер қатысады.

8.22. Шешім аАкционерлердің Жалпы жиналысы отырысын өткізбей қабылданатын сырттай дауыс беру нәтижелері бойынша дауыстарды санау есеп комиссиясымен жүзеге асырылады. Осындай дауыс берудің нәтижелері бойынша есеп комиссиясы хаттама құрады және қол қояды не дауыс берудің қорытындылары туралы мәліметтер акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына енгізіледі. Акционерлердің Жалпы жиналысында сырттай дауыс беру қорытындылары акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде жазбаша хабарлама жіберу арқылы акционерлердің назарына ұсынылады.

9. Банктің Директорлар кеңесі.

9.1. Директорлар кеңесі – акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретін құрайтын мәселелерді шешуді қоспағанда Банк қызметінің жалпы баспылығын жүзеге асырушы Банк органы. Банктің Директорлар кеңесінің ерекше құзіретіне келесі мәселелер жатқызылады:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, акционерлер жиналысының күн тәртібін анықтау, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін құру күнін анықтау;
- 3) Акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде жарияланған акциялар мөлшерінің шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың мөлшері, оларды орналастыру (сату) тәсілі және бағасы туралы шешімдерді қабылдау;
- 4) Орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Банкпен сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешімдер қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімдер қабылдау және есептік қаржылық жыл үшін төленетін дивидендтерді қоспағанда бір жай акцияға дивиденд мөлшерін анықтау;
- 7) Банктің туынды бағалы қағаздарын және облигацияларды шығару шарттарын анықтау;

- 8) Атқарушы органның өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) қызметтік айлықақылар мөлшерін және атқарушы орган басшысының және мүшелерінің еңбекақысын төлеу және сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
 - 10) ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібін анықтауды қосқанда, ішкі аудит қызметі туралы ішкі нормативтік құжатты бекіту; ішкі аудит қызметі мүшелерін тағайындау, сонымен қатар ішкі аудит қызметі мүшелерінің еңбек ақысын және сыйлықақысын төлеу шарттарын және мөлшерін анықтау;
 - 11) бағалаушының және аудиторлық ұйым қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;
 - 12) Жарғымен, Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен және Директорлар кеңесінің шешімдерімен Директорлар кеңесінің құзіретіне жатқызылған операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерді, соның ішінде банк тәуекелдерін және меншікті капиталды басқару, резервтік капиталды пайдалану, басқалай ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
 - 13) Банктің филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 14) басқа ұйымдарды құруға және қызметіне Банктің қатысуы туралы шешімдерді қабылдау;
 - 15) меншікті капитал мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын ауқымда Банк міндеттемелерін ұлғайту;
 - 16) бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда Банк тіркеушісін таңдау;
 - 17) қызметтік, коммерциялық және басқалай заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
 - 18) Банк мүдделі болатын ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасау туралы шешімдерді қабылдау;
 - 19) Бюджетті, бизнес-жоспарларды және Банктің бизнес-жоспарларын атқару туралы есептерді бекіту;
 - 20) Директорлар кеңесінің алдын ала мақұлдауы талап етілетін банк операцияларының және басқа мәмілелердің тізімдемесін және маңыздылығы деңгейін бекіту;
 - 21) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша- сырттай (немесе іштей құпия) дауыс беруді жүргізу үшін бюллетеньдер нысанын анықтау;
 - 22) Банктің бухгалтерлік есебі саясатын анықтау;
 - 23) Банк Басқармасы Төрағасының есептерін тыңдау, олардың мерзімділігі, мазмұны және беру тәртібі Банктің Директорлар кеңесімен анықталатын болады;
 - 24) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған басқалай мәселелер.
- 9.2. Осы Жарғының 9.1. тармағымен белгіленген тізімдегі мәселелер шешуі үшін Басқармаға беріле алмайды.
- 9.3. Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері акционерлердің жылдық Жалпы жиналысымен сайланады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Қазақстан Республикасының өкілетті органымен келісуге жатады және Банктің Директорлар кеңесінің ертеректе сайланған мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жағдайында акционерлердің Жалпы жиналысымен қайта сайланады. Төраға және Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.
- 9.4. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысын толықтай бір үміткерге беруге немесе оларды Банктің Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше үміткер арасында бөлуге құқылы. Неғұрлым көп дауыс жинаған үміткерлер Банктің Директорлар кеңесіне сайланған болып саналады. Басқарма мүшелері, оның

- Төрағасынан басқа, бір мезгілде Директорлар кеңесінің мүшелері болып табыла алмайды.
- Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен оның мүшелері қатарынан сайланады. Басқарма Төрағасы бір мезгілде Директорлар кеңесінің Төрағасы бола алмайды. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.
- 9.5. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері кез келген негізде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Өкілеттіктерді мерзімінен бұрын тоқтату туралы акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне қатысты, сондай-ақ Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшелеріне қатысты қабылдануы мүмкін. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлау арқылы кез келген уақытта жүзеге асырылады.
- 9.6. Төраға Банктің Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және оларға төрағалық етеді, отырыстарда хаттаманы жүргізуді ұйымдастырады. Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функциясын Банктің директорлар кеңесінің шешімі бойынша Банктің Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің хатшысын тағайындайды.
- 9.7. Директорлар кеңесінің мүшелеріне алдағы Банктің Директорлар кеңесінің отырысы туралы отырысты өткізу күнін, уақытын, өткізу орнын және күн тәртібін көрсетумен факс арқылы хабарлама жіберіледі. Банктің Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама отырысты шақыру күніне дейін үш күннен кешіктірмей жіберіледі. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатысуының мүмкін еместігі жөнінде Банк Басқармасына алдын ала хабарлауы міндетті.
- 9.8. Банктің Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің Төрағасымен оның өзінің бастамасы бойынша кем дегенде үш айда бір рет шақырылады. Директорлар кеңесінің отырысы сонымен қатар Директорлар кеңесінің, Банктің ішкі аудит қызметінің (оны құрған жағдайда) кез келген мүшесінің немесе Банк аудиторының, Банк Басқармасының (Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда), сонымен қатар банктің ірі акционерінің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.
- 9.9. Директорлар кеңесі, егер оның отырысына Директорлар кеңесі мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысып отырса, шешім қабылдауға құқылы болады. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің саны акционерлердің Жалпы жиналысымен сайланған санның жартысынан аз болса, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырады. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Банк акционерлерінің кезектен тыс осындай Жалпы жиналысын шақыру туралы мәселе бойынша ғана шешім қабылдауға құқылы.
- 9.10. Егер Қазақстан Республикасының заңымен басқалай қарастырылмаса, Директорлар кеңесінің қатысып отырған мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Банктің Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешкен кезде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең түскен жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Кворумның болуын және Директорлар кеңесінің дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде оның отырысына қатыспаған Банктің Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі. Банктің Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға құқылы. Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшесінің жазбаша пікірі немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Банкке Банктің Директорлар кеңесінің отырысын өткізу күнінің алдындағы күннен кешіктірмей келіп түсуі тиіс.
- 9.11. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері Банк, оның мәмілелері, операциялары,

клиенттері, хат-хабарлар, серіктестері туралы оларға белгілі болған құпия мәліметтерді, сонымен қатар банк, коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын басқалай ақпаратты дабыраламауға міндетті.

9.12. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Банктің акционерлер кеңесінің Жалпы жиналысымен анықталады, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылғаннан төмен бола алмайды. Банктің Директорлар кеңесі мүшелері санының кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

10. Банк басқармасы.

10.1. Банктің ағымдағы қызметін басқару Басқармамен жүзеге асырылады.

10.2. Төраға және Басқарма мүшелері Директорлар кеңесімен сайланады. Басқарманың барлық мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

10.3. Басқарманың құзыретіне акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын барлық мәселелер жатқызылады, соның ішінде бірақ шектелмей:

- 1) Банктің несие саясатын әзірлеу және банк тәуекелдерін басқару процесін ұйымдастыру;
- 2) Банктің жұмыс органдарын (соның ішінде комитеттерін) құру, олардың құзіреттіліктерін белгілеу, олар туралы ережелерді бекіту;
- 3) Лауазымдық айлықақылар құрылымын анықтау және еңбекті төлеу жүйелерін орнату.

10.4. Банк басқармасы директорлар кеңесімен және Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітуге жататын барлық мәселелерді алдын ала қарастырады.

10.5. Басқарма Басқарма Төрағасымен (ол болмаған жағдайда – оны алмастырушы тұлғамен) айына кем дегенде 1 рет шақырылады және жүргізіледі. Басқарма отырысы, егер оған оның мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысатын болса, жарамды болып табылады. Шешімдер қатысушылардың санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Басқар Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Басқарма отырысының хаттамаларына төрағалық етуші және хатшы қол қояды.

10.6. Басқарма Төрағасы:

- 1) Акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынасында Банкті таныту құқығына сенімхаттар береді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және лицензиялармен қарастырылған банктік және басқалай операциялар шегінде Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген шектерде және негізде Банктің атынан мәмілелер жасасады, келісімдерге, шарттарға, басқа міндеттемелерге қол қояды және басқалай заңды әрекеттерді атқарады, атап айтқанда:
 - i. жеке тұлғалармен банктік заем операциялары;
 - ii. заңды тұлғалармен банктік заем операциялары;
 - iii. Банкке консультациялық, ақпараттық және басқалай қызметтерді көрсету бойынша мәмілелер;
 - iv. жылжымайтын объектілер құрылысы, қайта құру, жобалық, технологиялық және құрылыс инжинирингісі кезінде тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыру, кез келген негізде жылжымайтын мүлік (оған құқықтар), сонымен қатар жабдық, автокөлік, техника және басқа негізгі құралдар, материалдық қорлар, материалдық емес активтер, мүлікті жалдауды (лизинг), ұстау және пайдалануды төлеу бойынша иелікке алу;

- v. материалдық құндылықтарды (жылжымайтын мүлікті қоспағанда) және материалдық емес активтерді өткізу;
 - vi. жылжымайтын мүлікті қалдық құннан төмен өткізу (есептелген өтелімді шегергендегі баланстық құн);
 - vii. жылжымайтын мүлікті қалдық құннан төмен өткізу (есептелген өтелімді шегергендегі баланстық құн);
 - viii. жылжитын және жылжымайтын мүлікті жалға беру;
 - ix. пайдаланудан алынған мүлікті (жылжымайтын мүліктен басқасы), әрі қарай пайдалануға жарамсыз жылжымайтын мүлікті өтеусіз беру және капиталдық салымдар бойынша шығындар;
- 5) Банк қызметкерлерін (атқарушы орган мүшелері болып табылатын жұмыскерлерді қоспағанда) қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік өндіріп алуды жүктейді, Банк жұмыскерлерінің қызметтік айлықақыларының және Банктің штаттық кестесіне сәйкес айлықақыларға дербес үстеме ақылардың мөлшерлерін белгілейді, атқарушы органның және Банктің ішкі аудиты қызметінің (оны құрған жағдайда) құрамына кіретін жұмыскерлерді қоспағанда, Банк жұмыскерлерінің сыйлықақы мөлшерлерін анықтайды;
 - 6) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды атқарушы орган мүшелерінің біріне жүктейді;
 - 7) атқарушы орган мүшелері арасындағы өкілеттік және жауапкершілік аясын, сонымен қатар міндеттерін бөледі;
 - 8) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы және директорлар кеңесінің құзіретіне жататын мәселелер бойынша шешімдердің жобаларын дайындайды, Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу күніне дейін 50 (елу) күннен кешіктірмей, алдын ала қарау үшін Директорлар кеңесіне аудиторлық ұйыммен расталған Бантің жылдық қаржылық есептілігін береді;
 - 9) Банк акционерлерінің жалпы жиналыстарын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді;
 - 10) Басқарманың персонал құрамы жөнінде Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізеді;
 - 11) бухгалтерлік есепті және есептілікті ұйымдастырады;
 - 12) Банк Жарғысымен және акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқалай функцияларды жүзеге асырады.
- 10.7. Банк Басқармасының Төрағасы өзінің құзіретіндегі жеке мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын Банктің құрылымдық бөлімшелері басшыларына және Басқарма мүшелеріне табыстай алады.
- 10.8. Басқарма Төрағасы болмаған және өзінің міндеттерін атқара алмаған жағдайда Басқарма Төрағасының уақытша міндеттерін Басқарма Төрағасының Бірінші Орынбасары атқарады. Бір мезгілде Басқарма Төрағасы және Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары болмаған жағдайда міндеттерді атқару Басқарма Төрағасымен Басқарма Төрағасы орынбасарларының немесе Басқарма мүшелерінің біріне уақытша жүктеледі. Басқарма Төрағасының орынбасарлары Басқарма Төрағасымен өздеріне берілген өкілеттіктері шегінде Банктің атынан әрекет етеді.
- 10.9. Төраға және Басқарма мүшелері Банктің Директорлар кеңесінің келісімінсіз құқылы емес:
- 1) басқа коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың басқару органдарында қызмет атқару;
 - 2) коммерциялық ұйымдардың құрылтайшысы ретінде көріну, Банктің жарғылық капиталының 50% асатын мөлшерде басқа ұйымдарға қатысу үлестеріне/акцияларға иелік ету;
 - 3) басқа ұйымдарда қоса атқарушылық бойынша, сонымен қатар азаматтық-құқықтық келісімдер негізінде жұмыс істеу (оқытушылық және ғылыми-зерттеу қызметін

қоспағанда).

10.10.Банк Басқармасы және Басқарма Төрағасы өз қызметінде Банктің Директорлар кеңесіне және акционерлердің Жалпы жиналысына есеп береді.

11. Ішкі аудит қызметі.

11.1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз қызметі туралы есеп береді. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесімен бекітілетін ішкі нормативтік құжат негізінде жұмыс істейді.

12. Ақпаратты беру процедуралары.

12.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда Банк акционерлерінің мүдделерін қозғайтын Банктің қызметі туралы ақпаратты келесі мерзімді басылымдарда хабарламалар, хабарландырулар, басқалай материалдар жариялау жолымен өз акционерлерінің назарына жеткізеді: «Қазақстанская Правда» не «Егемен «Қазақстан». Көрсетілген мерзімді баспа басылымдарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі жағдайында, Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін басқа мерзімді баспа басылымдарында жариялауды жүзеге асырады.

12.2. Банк акционерлерінің мүдделерін қозғайды деп танылатын Банктің қызметі туралы ақпарат түрлерінің тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген.

12.3. Акционердің жазбаша өтініші бойынша Банк Басқармасы бес жұмыс күні ішінде акционерге Банк қызметі туралы ақпарат, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған құжаттардың көшірмелерін береді, бұл жағдайда қызметтік, коммерциялық немесе басқалай заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты беруде шектеулерді енгізуге жол беріледі.

12.4. Банктің аффилирленген тұлғалары болып табылатын Банк акционерлері мен лауазымды тұлғалары аффилирлігі туындаған күннен бастап жеті күннің ішінде өз афилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді Банкке беруге міндетті.

13. Банк қызметін тоқтату.


13.1. Банк өз қызметін қайта ұйымдастыру немесе тарату салдарынан тоқтата алады.

13.2. Банкті қайта ұйымдастыру жағдайында оның құқықтары және міндеттемелері заңды құқықтық мирасқорға өтеді.

13.3. Банкті ерікті түрде тарату және қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте өкілетті органның рұқсатымен Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

13.4. Мәжбүрлі түрде тарату және қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.

Басқарма Төрағасы


Дорджиєв В.Ф.
